

КӘСІБИ БІЛІКТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Калтаева Ф.Т.

№38 орта мектеп коммуналдық мемлекеттік мекеме, Тараз қ.

Қазіргі таңда өмір үнемі өзгеріп, қоғам үздіксіз дамып отырған шақта ақыл-ойы озық, білімі мен біліктілігі жоғары, ұлттық рухы күшті жастарды тәрбиелеу қажеттілігі күн озған сайын артып отыр. Сондықтан ел тұтқасын ұстар азаматтардың өнегелі тәрбиесі – бүгінгі күн тәртібінде тұрған маңызды мәселелердің бірі. Олардың білімі мен біліктілігін дағдысы мен шеберлігін, асқақ адамшылығы мен адамгершілік қадір-қасиетін, жаңа дүниетанымдық көзқарасын, салауаттылық дағдысын, ұнамды мінез-құлық нормасын қалыптастыру – үлкен қажеттілік.

Қай кезеңде, қай қоғамда болсын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады. Ендеше ұстаздың алдында жас ұрпақты адал, шыншыл, сергек, өмірге құштар, көзі ашық, көкірегі ояу, қуаныш пен ренішке ортақтаса алатын, өз Отанын сүйетін, өз жерінің, елінің иесі бола алатын, еркін ойлау қабілеті бар, мәдениетті, іскер, адамдық қасиетке ие, рухани жандүниесі бай, жаны, ары таза азамат етіп тәрбиелеу міндеті тұр.

Баланы оқытумен кәсіби міндеттерін орындауда ұстазға өз пәнін жеке оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін жетік білуі жеткілікті деп саналады. Бірақ, бұл жерде біз педагогикалық әдеп кәсіби шеберліктің құрамдас бөлігі екенін ұмытып кететін сияқтымыз. Кәсіби шеберлігін шыңдау үшін ұстаз өзінің этикалық мәдениетін жетілдіріп отыруы керек.

Педагогикалық іс-әрекеттің ең маңызды жағы – іс-әрекетте педагогтың өзін-өзі жетілдіру мен оқытуға бағытталған білімділігі, тәртіптілігі, дамытушылық қабілеті.

Кәсіби педагогикалық іс-әрекетпен шұғылданатын адамды: тәрбиеші, мұғалім, оқытушы, педагог деп атайды. Бұл оқу, тәрбие беру мекемелеріне байланысты: тәрбиеші – бала бақшада; мұғалім – мектепте; оқытушы – техникум, училище, жоғары оқу орындарында. Педагог – осы түсініктерге жақын, «туыс» ұғым.

Кәсіби іс-әрекеттің бір түрі - педагогикалық іс-әрекет, оның мазмұны оқыту, тәрбиелеу, білім беру, дамыту. «Кәсіби іс-әрекет» ұғымының ауқымы «педагогикалық іс-әрекет» ұғымынан гөрі кеңірек, өйткені, мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті осы проблеманы зерттеген мамандардың пікірінше: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, әлеуметтік-мәдени, психотерапевтік, қатысымдық сияқты функционалдық қызметтерді қамтиды. Бұл іс-әрекетті педагогтар ғана емес, сонымен қатар ата-аналар, қоғамдық ұйымдар, өнеркәсіп пен мекемелердің жетекшілері, өндірістік және басқа топтар, жалпы ақпарат құралдары жүзеге асырады. Бірақ, ең бірінші іс-әрекет – ол кәсіби әрекет, яғни педагог арқылы жүзеге асырылады, ал қалғандары – жалпы педагогикалық болып табылады.

Педагогикалық іс-әрекет кәсіби және кәсіби емес те бола алады. Кәсіби емес іс-әрекет отбасында ата-ананың баланы тәрбиелеуі болып табылады. Бірақ, отбасында баланы оқытумен, тәрбиелеумен арнайы шақырылған педагогтар да айналысуы мүмкін.

Кәсіби педагогикалық іс-әрекет іскерлік, дағды, педагогикалық шеберлік болып бөлінеді. Іскерлік – белгілі бір әрекетті саналы түрде орындау, білімді тәжірибеде қолдана білу қабілеті. Ойлау әрекетінің қатысу дәрежесіне байланысты іскерліктің екі түрлі қарастырылады: ақыл-ой және практикалық тобы, ал сипаты бойынша – жалпы оқу, еңбек, көркем, спорттық ойын болып жіктеледі.

Дағды дегеніміз – ол автоматтық іс-қимыл болса, педагогикалық шеберлік дегеніміз - болашақ мұғалім тұлғасының жеке дара, психологиялық, интеллектуалды күштері мен қабілеттерінің өзін-өзі іс жүзінде көрсетуінің деңгейі. Шығармашылық шеберлік ізденіс процесі арқылы жүзеге асырылады.

Ал, кәсіби шеберлік – мамандығы және өзін-өзі ұйымдастыру шеберлігін қалыптастыратын тұлға қасиеттерінің жиынтығы.

Педагогикалық шеберліктің құрылымы:

-гуманитарлық бағыттылығы:

-қызығушылықтар, құндылықтар, идеялар;


-кәсіби білімдері;

-педагогикалық қабілет: коммуникативтілік, перцептивті қабілеттер, динамизм, эмоционалды тұрақтылық, креативтілік;

-педагогикалық техника: өзін-өзі бағдарлау.

Педагогикалық қарым-қатынас педагогикалық кәсіби мәдениетті қалыптастырады. Ал, педагогикалық шеберлік – педагог тұлғасының іс-әрекет барысында дами бастайды (1-сурет).

Сурет 1- Кәсіби-педагогикалық мәдениеттің құрылымы



Бұнда тұлғаның кәсіби түрде ойлау қабілеттілігімен анықталады: жоғары белсенділік, жауапкершілік, ұйымдастырушылық қабілет, өзінің мінез құлқын бағалау. Сондай-ақ, болашақ маманның шығармашылық ерекшелігі айқындалады.

Педагогтың кәсіби дамуының психологиялық теориясының басты идеясы төмендегідей негізгі жағдайларда қалыптасады: егер оқу-танымдық процесс орын алса, онда оның даму процесі де орын алады. Сондықтан білім мен түрткілер тұлғаның кәсіби дамуының негізі болады. Әр тұлға өзінің білімін жетілдіріп, түрлі түрткілерден қуаттанып, әрекетке көшетіні анық дүние. Кәсіби тұрғыдан үнемі дамып отырған педагог психологиясы айқын сезіліп, жұмыстануға, өзгені де дамытуға оң ықпалын тигізері сөзсіз.

Сонымен қазіргі заман педагогының бойында қандай әдеп нормалары болуы керек екеніне тоқталар болсақ, сәлемдесу, өз ісіне адал болу, адал еңбек ету, имандылық қылықтар жасау, қанағатшыл болу, дұрыс сөйлей білу, қанағатшыл болу, баланы құрметтеу, бала жанын түсіну, өзін-өзі тәрбиелеу. Қорыта келе болашақ мұғалімнің кәсіби шеберлігі, зерттеушілік қызметі мұғалімдік жұмысқа дайындық барысында, іс-тәжірибеде және қайта даярлау кезінде қалыптасып тәрбиеленеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бұзаубақова К.Ж. Ұстаздық шеберлік. - Тараз: ТарМПИ, 2009.-124 б.
2. Бұзаубақова К.Ж. Мұғалімнің инновациялық іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың теориясы мен практикасы. – Алматы: Жазушы, 2009. – 456 б.
3. Бөлеев Қ.Б. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау: теориясы мен практикасы. –Алматы: Нұрлы әлем. -2004. -304 бет.
4. Педагогика. Оқулық / Абай атындағы Қазақ ұлттық пед. университетінің педагогика кафедрасының авторлар ұжымы.-Алматы: Print-S, 2005. -429 б.
5. Н.В. Кузьмина. Педагогическое мастерство учителя как фактор развития способностей учащихся. // Вопросы психологии. // №1 2009. с.-20